

С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ
ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ
С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Қазақстан тарихы және әлеуметтік – гуманитарлық пәндер кафедрасы

РЕНЕССАНС ПЕН РЕФОРМАЦИЯ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯ

Орындаған: Тасболатова А

Тобы: ЖМ16-08-02

Қабылдаған : Тұрсынбаева С

- **Жоспары:**

- 1. Қайта өрлеу дәуірінің негізгі принциптері.
- 2. Қайта өрлеу дәуіріндегі ғылым.
- 3. Дәуірдің утопиялық көзқарастары.



Ренессанс философиясы - Еуропада (алдымен Италияда) феодализмнің құлдырап және алғашқы буржуазиялық (XV-XVII) қоғамның қалыптасуы кезінде дамыған философиялық және социологиялық ілім. Онда негізгі идея --- гуманизм болды.



- Ренессанс философиясы 15 – 18 ғасырлар аралықтарын қамтиды бұл дәуір феодализмнің құлдырау буржуазиялық қатынастардың қалыптасу кезеңі Ренессанс термині, мағынасы антикалық құндылықтарды идеалдарды қалпына келтіру деген ұғым білдіреді. 15 – ғасырда басталған бұл дәуірге философиясы қалыптасуына Шығыс пен Батысты сауда жолымен байланыстырып келген Жібек жолы Шыңғыс хан басқыншылары Орта Азия, Таяу Шығыс, Шығыс Еуропа елдерін жаулап алған соң өз маңызын жойып, Батыстың Шығысқа жол іздестіру мұқтажы жаңа жағрапиялық жаңалықтар, су жолдарының дамуы себепкер болды.



- Римдегі Бруно ескерткіші
- Сондай – ақ, инквизиция Джордано Бруноны (1548 – 1600) Рим алаңында тірідей өртеп өлтірді. Ол: “Не табиғаттың өзі – Құдай, не Құдай – заттардың өз ішінен ашылған құдіретті күш”, деді. Олай болса, Джордано Бруно табиғаттан тыс, одан жоғары тұрған Құдай жоқ. Жаратушының өзі – сол табиғат деп, Құдайды аспаннан жерге түсірді. Бұл тұжырым пантеизм болатын – ды. Өлер алдында Джордано былай деп өсиет қалдырды: “Мейлі, мені өртеп өлтірсін, бірақ менің өлімім адам баласын жарқын болашаққа апаратын жолға тосқауыл бола алмайды”.



- Николай Коперник (1473- 1543) өлім табытына жатар алдында: “Бәрібір жер айналып тұр” деген екен. Ол кезінде ғылымда Жер Күнді айналып қозғалатын дәлелдеп, гелиоцентрлік жаңалық ашты. Пантеистік, натурфилософиялық бағыттың негізін Николай Кузанский (1401- 14665)салды. Ол философияның негізгі мәселесін идеалистік түрғыдан шешті

. Дүниенің бәрін, адамды да Құдай жаратты, деді, бірақ пантеистік пікірді дамыта отырып, сайып келгенде, ол Жаратушының рөлін жоққа шығарды. өйткені, пантеизм Құдайды табиғатпен алмастырды. Ол кеңістіктің шнгі бар, дүниенің жаратылған уақыты бар деген схоластикалық діни пікірге күмән келтірді, дүниенің шексіздігін уағыздады. Таным алдымен сезімнен басталады, одан соң оны ойлаумен толықтырады. Бұл екі процесс ұдайы бірлікте, сана (интеллект) бәрінен жоғары тұрады деп есептеледі.



- Ренессанс философиясының дүниетенімдық ориентациясында басты ерекшелік адамға деген бет бұрыс егер антикалық философияда басты мәселе табиғат космологиялық өмір болса, ал Ренессанс дәуірінде қайырлы қоғам дүниедегі адам қызметі, адам бақыты тақырыбын көтерді. Философия ғылым ретінде түсіндірілді және оның мақсаты адамның өмірде орнын табуына дем беру болды.



- Қайта өрлеу дәуірінің утопиялық социализмнің негізін салушы Т.Мор. Осы дәуірдің гуманист рационализмі. Мордың басты шығармасы – «Золотая книга, столь же полезная, как забавная, о наилучшем устройстве государства и о новом острове Утопий» (1516); бұл кітапта әңгіме белгісіз Утопия еліне жасалған саяхат туралы. Мор жеке меншікке негізделген қоғамды, өз тұсындағы Англиядағы әлеуметтік-саяси қатынастарды жан-жақты сынады және қоғамдық меншікке негізделген қоғамдық құрылысты суреттеді; ол тұңғыш рет өндірісті қоғамдастыру идеясын дәйекті түрде баяндап, оны еңбекті ұйымдастырудың және бөлісудің коммунистік идеяларымен байланыстырды



- Т. Кампанелла итальян философы бастапқы утопиялық коммунизм өкілдерінің бірі. Кампанелла Телезионың натурфилософиялық көзқарастарына қосылды, схоластикаға қарсы шығып, сол кездегі алдыңғы қатарлы сенсуализм мен деизм идеяларын дамытты. Ол өзінің еркін ойлылығы үшін инквизицияның қудалауына ұшырады. Кампанелла адамзаттың бірлігі мен игілігін армандады. 1599 жылы Италияны Испан езгісінен азат ету мақсатымен көтеріліс ұйымдастыруға әрекет жасады. Шын мәнінде абыздар билігі теократтық сипат алған мінсіз қоғам туралы өз утопиясын «Күн қаласын» жазды.



- ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҒАЛАМТОР САЙТТАРЫ:

- https://kk.wikipedia.org/wiki/Ренессанс_философиясы

- <https://kk.wikipedia.org/wiki/Ренессанс>

- malimetter.kz/kajta-orleu-dauiri-filosofiyasy

**Назар
аударғандарыңызға
рахмет!!!**

